

УДК 327.890

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ

Сұлтанғалиева Индира Сұлтанғалиқызы

sultangalievaindira03@gmail.com

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін Ресей мен Орталық Азия арасында саяси жағынан да, экономикалық жағынан да, мәдени жағынан да байланыстар нығая түседі. Ал енді ғана өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген Орталық Азия елдері үшін Ресеймен қарым-қатынас орнату әрі серіктес болу өте өзекті мәселелердің бірі болды. Жалпы, бұл мақала тақырыбының өзектілігі әрі маңыздылығы қазіргі таңдағы Орталық Азия елдерімен байланысы халықаралық қатынастардағы саяси мәселелер, атап айтар болсақ, Ауғанстандағы саяси режимнің ауысуы, сол жақтан келетін есірткілердің ағыны, экономикадағы мәселелер, мысалы инфляция, жұмыссыздық, климаттық мәселелер, миграция, т.б. Осы секілді қиындықтарды шешу мақсатында тарихи әрі саяси, геосаяси жақындығы бар, 1991 жылға дейін бір одақтың астында өмір сүрген Ресеймен ынтымақтастық орнатып, көпжақты байланыстар орнату өте маңызды әрі қажет. Ал Ресей үшін Орталық Азия елдерінің қай саладан болмасын қажеттілігі өте көп. Аймақтың Еуразияның орталығында орналасуы, мұнай мен газдың, көмірдің және басқа да сирек кездесетін пайдалы қазбалардың жеткілікті қорының болуы осы аймақтағы мүдделерін толықтай жабады. Сол үшін де қауіпсіздік мәселесі бойынша да, саяси, экономикалық мақсаттар үшін аймақтық ұйымдар да құрылған болатын, атап айтар болсақ, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ТМД, т.б.

Осы мәселелер аясында бірнеше талдаулар жүргізген болатынмын. Владимир Путиннің 2021 жылғы 15 қазан күні ТМД Президенттерімен кездесу барысындағы сөздеріне контент анализ жасайтын болсақ, бұл жерде ТМД мемлекеттері бірігу үдерісі күшейіп келе жатқандығы, яғни оған нақты мысал келтірер болсақ, ЕАЭС, ОДКБ, т.б. интеграциялық тенденциялардың күшеюін байқасақ болады[1]. Сонымен қатар, экономиканы дамытып, әріптестер ретінде Ауғанстаннан туындайтын мәселелерді шешуге бірігіп қызмет ету мәселелерін де алға тартты. Одан бөлек, Путин мәдениет дегенді қозғай келе, бірге орыс тілін, мәдениетін ТМД шеңберінде дамытудың маңыздылығын да насихаттап отырғанын

байқаймыз. Мысалы Ресейде орыс тілін дамытуға арқа сүйейтін және отандастармен жұмыс істейтін «Русский мир» қоры мен «РосСотрудничество» сияқты құрылымдар оған көбірек көңіл бөлген. «Русский мир» қорының Орталық Азияда орталықтары мен кеңселері бар. Олардың міндеті – шет елдерде орыс тілі мен орыс мәдениетін насихаттау. Қордың сайтында ұсынылған картаға қарасақ, мұндай орталықтар мен кеңселердің саны салыстырмалы түрде аз: Қазақстанда – 3 ресейлік орталық; Қырғызстанда–2 ресейлік орталық және «Русский мир» 1 кеңсесі; Тәжікстанда–1 Ресей орталығы; Өзбекстанда– «Русский мир» 4 кеңсесі; Түркіменстанда орыс орталықтары немесе «Русский мир» кеңселері жоқ. Салыстыратын болсақ: Ресейлік отандастар әлі де аз болған Моңғолияда –1 ресейлік орталық мен «Русский мир» 3 кеңсесі, сондай-ақ Оңтүстік Кореяда, ал Чехияда–1 ресейлік орталық және «Русский мир». Сонымен қатар, гуманитарлық көмектерді күшейтіп, территорияны сақтап қалуды, бір бірін қолдауды да меңзеп отырғанын аңғарамыз.

Ауғанстаннан АҚШ әскерлерінің шығуын, сол мәселенің Орталық Азия, сонымен қатар Ресей үшін үлкен қауіптің бар екенін де атап өтті. Одан бөлек, пандемия кезіндегі саудаға байланысты мүдделерді бірге орындауды міндет етіп отыр.

Осыдан байқайтынымыз, Путин өзінің Ресейге қатысты мүдделерді, қызығушылықтарды орындауды, орыс тілін, мәдениетін, экономикасын, саудасын бірігіп отырып дамытуды міндеттеп отырғанын түсінеміз.

Енді Ресей мен Орталық Азия арасындағы 1992-2020 жылдар арасындағы сауда байланыстарына СТАТ-талдау нәтижелері төмендегідей:



1-суретте көріп тұрғанымыздай, ең аз көрсеткіш 1999 жылы 3.6 млрд.-ты құрап отыр: 1999 жылғы экономикалық процестердің даму ерекшеліктері Ресейлік рубльдің құнсыздануына және экономикалық құлдыраудың жеделдеуімен, инфляцияның күрт өсуіне әкелген 1998 жылғы қаржылық дағдарыстың салдарымен анықталды. Осы мәселелерден туындаған мәселелер: халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, банк жүйесіндегі дағдарыс және қаржы нарығының негізгі сегменттерінің қысқаруы РФ мен Орталық Азия аймақтары арасындағы сауда байланысына әсер етті.

Ал енді әр жылға жеке тоқталар болсақ, 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы Ресей мен Орталық Азия республикалары арасындағы экономикалық байланыстарға өте жағымсыз әсер етті. Осыған орай, 1992 жылы Ресей мен Орталық Азия арасындағы тауар айналымының көлемі орта есеппен 10 есеге қысқаруы да түсінікті жағдай. 1992-1998 жылдар аралығында сауда көлемі тұрақты болғанымен, айтарлықтай төмен деңгейде қалды

– жыл сайын орта есеппен 6-7 млрд доллар. 1999 жылы Ресейдегі қаржылық-экономикалық дағдарыстан кейін тауар айналымының көлемі 1992-1998 жылдардағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 1,5-2 есеге қысқарды. 1995 жылы Ресейдің ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 29,8 млрд долларды құрады, бұл 1994 жылмен салыстырғанда 5%-ға өсті, бұның себебі ретінде бірінші кезекте отын-энергетика кешені өнімдерінің бағасының өсуімен байланысты (орта есеппен 14-28%-ға). 2000-2003 жылдар аралығында сауда-экономикалық қатынастар тоқырау жағдайында болды. Сауда көлемі 1992-1998 жылдар кезеңімен салыстырмалы деңгейде ұқсас болды: жыл сайын орта есеппен 6-7 млрд долларды құрады. Тек 2004 жылы ғана сауданы интенсификациялаудың белгілі бір үрдісі байқала бастады да, 2004-2008 жылдар аралығында тауар айналымы үш есе дерлік өсіп, 10,5 миллиард доллардан 29 миллиард долларға дейін өсті. Осы кезекте, 2009 жылдың қорытындысы бойынша, Ресей мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыстың салдары нәтижесінде 30%-ға қысқарып, шамамен 21 млрд долларды құрад[2].


Қарым-қатынастың жаңа кезеңінің басталуын білдіретін жаһандық қаржы дағдарысы Ресей мен Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық, оның ішінде сауда-саттық серіктестікке айтарлықтай кері әсерін тигізді. 2008 жылы 26 млрд доллар деңгейіне жеткеннен кейін, алдағы екі жылда сауда көлемі шамамен 5-8 млрд-қа қысқарды. Кейінірек, тағы бір тұрақсыздық кезеңінен кейін сауда көрсеткіштері қайтадан прогрессивті өсуді көрсете бастады, солай 2018 жылы 25 млрд доллардан астамға жетті.

2017 жылы Ресей Федерациясының Орталық Азия елдерімен тауар айналымы құрылымында ең көп үлес Қазақстан мен Өзбекстан республикаларына тиесілі, нақты пайыздық өлшеммен көрсететін болсақ: 72% және 16%. Айта кетейік, 2008-2017 жж. Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның тауар айналымы құрылымындағы үлесі шамамен бірдей деңгейде сақталып отыр, бұл ретте Өзбекстанның үлесі өсіп, ал Түркіменстанның үлесі төмендеді[3].

Енді жеке Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларына, яғни нақты 2011 мен 2020 жж. тікелей инвестициялардың салаларына STAT-талдау жасасақ, көрінісі төмендегідей:



Сурет 3. Ресейдің Қазақстанға тікелей инвестициялары 01.01.2020
[автормен құрастырылған]



- Өңдеуші өнеркәсіп
- Тау кен өнеркәсібі
- Тасымалдау және сақтау
- Сауда
- Қаржылық және сақтандыру қызметі

Сурет 2 қарасақ, 2011 жылғы деректерге сүйене отырып, ең көп ШТИ саудаға (39%) бөлінгенін байқаймыз. 2011 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде Ресей мен Қазақстан арасындағы сыртқы сауда құнының үштен бірінен астамға төмендеуіне қарамастан, екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастар белсенді түрде дамып келеді. Екі мемлекеттің субъектілері арасында экономиканың түрлі салаларын қозғайтын 400-ден астам сауда келісімдері жасалған[4].

2011 жылы Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 20,6 млрд АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 36,58%-ға (5,5 млрд АҚШ доллары) өсті. Ресейдің Қазақстанға экспорты 2011 жылы 14 млрд АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 31,88%-ға (3,4 млрд АҚШ доллары) өсті. Ресейдің Қазақстаннан импорты 2011 жылы 6,5 млрд АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 47,86%-ға (2,1 млрд АҚШ доллары) өсті. Ал сурет 3-те 2020 жылы басымдыққа өңдеуші өнеркәсіп ие болды. 2020 жылдың бірінші тоқсанында ЕАЭО елдеріне өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспортының ең үлкен үлесі Ресей Федерациясына тиесілі – 1,1 млрд АҚШ доллары (өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің жалпы экспортының 87,9%). Көрсетілген кезеңде ЕАЭО елдерінен өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің импорты да негізінен Ресей Федерациясына келеді – 3,0 млрд АҚШ доллары (өңдеу өнеркәсібі өнімдері импортының жалпы көлемінің 94,2%)[4].

Ресейдің Орталық Азияға мүдделері PEST-талдау

Саяси	Экономикалық
<p>Стратегиялық комплекстарының орналасу мүмкіндігі.</p> <p>Байқоңыр космодромын мысалға келтіруге болады. Қазақстандағы Ресей объектілерінің ішінде бұл кешен ең қуатты және стратегиялық маңызды болып табылады. Оларды жалға беру арқылы ол Орталық Азияда өзінің қатысуын және ықпалын сақтайды. Қазақстан өз кезегінде материалдық дивидендтерді ғана емес, сонымен бірге Ресеймен қарым-қатынаста, оның ішінде қорғаныс пен қауіпсіздік саласында серіктестік пен конструктивті</p>	<p>1. Инвестиция арқылы аймақпен байланыс орнату.</p> <p>Ресей Орталық Азиядағы ең ірі инвестор болып табылады. Бұл аймаққа Ресейдің жинақталған инвестициялары шамамен 20 миллиард АҚШ долларын құрайды (оның ішінде: 47% - отын-энергетикалық кешені, 22% - түсті металлургия, 15% - телекоммуникация), сонымен қатар, 10 мыңнан астам ресейлік және бірлескен кәсіпорындар жұмыс істейді.</p> <p>2. Сауда байланысы.</p>

ынтымақтастық атмосферасын барынша сақтауға кепілдік береді.

Орталық Азия «форпост» ретінде қызмет атқаруы.

Яғни Орталық Азия Ресей үшін Қытай, Үндістан, Шығыс мұсылман елдерімен сауда жасай алу мүмкіндігіне жол ашады.

Ресейдің ОА аймағында «лидерлігін» ірі державаларға мойындатуы.

Ресейдің Орталық Азиядағы мүдделері, біріншіден, аймақтағы ықпалын сақтап қалуға, посткеңестік кеңістіктің елдерін өз қамқорлығында ұстауға және осылайша, егер әлем болмаса, кем дегенде, Еуразиялық державаның ықпалынан сақтау.

Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Осы мақсатта ШЫҰ, ЕврАзЭС, Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы құрылған болатын. Аймақтың Ауғанстанмен шекарасында ахуал нашарлаған жағдайда командалық деңгейде тұрақты жаттығулар өткізіп тұру, күштерді аймақтың оңтүстік шекараларына ауыстыру механизмдерін мақсатқа алып отыр. Орталық Азия елдеріне жаңа және ескі қауіпсіздік қатерлері Ресейде айқын көрініс тапты, ол басқа мемлекеттерге қарағанда оларды жоюға көбірек алаңдайды. Мысалы, бұл ел басшылығы Ауғанстаннан есірткінің шексіз ағымы келіп жатқанын және Ресейдің жекелеген аймақтарының, сондай-ақ Орталық Азияның кейбір аймақтарының экстремистік діни топтарды қолдаудың қорғанына айналғанына көздерін жұма алмайды.

Сыртқы акторлардың, соның ішінде, АҚШ пен Қытайдың ықпалын түсіру.

Осы мақсатта ШЫҰ, ЕврАзЭС, Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы құрылған болатын. Аймақтың Ауғанстанмен шекарасында ахуал нашарлаған жағдайда командалық деңгейде тұрақты жаттығулар өткізіп тұру, күштерді аймақтың оңтүстік шекараларына ауыстыру механизмдерін мақсатқа алып отыр. Орталық Азия

2018 жылы Ресей мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 25,8 миллиард долларды құрады. Айналымның құрылымы шикізаттан басқа өндірістік тауарлар, ауылшаруашылық өнімдері, химия, мұнай -химия, фармацевтика, металлургия, автомобиль және машина жасауды құрайды.

3. Табиғи ресурстар.

Ресейдің Орталық Азиядағы экономикалық мүдделерінің тағы бір саласы энергетикаға байланысты. Өңір мұнай мен табиғи газға өте бай, бірақ олардың тасымалдау жолдары Ресейдің толық бақылауында. Өзінің географиялық жағдайын және күрделі құрылыс жобаларын бақылауды пайдалана отырып, Ресей Орталық Азиядан энергия ресурстарын тасымалдауды толықтай дерлік монополиялады, бұл оған аймақ елдерінің саясатына күшті әсер ету тетігін және үлкен экономикалық пайданы қамтамасыз етеді.

4. Транзиттік жолдар.

Қазақстандық мұнайдың Ресей Федерациясы аумағы арқылы транзиті бірнеше мұнай құбырлары арқылы жүзеге асады. Экспорттың ең үлкен маршруты - 2001 жылы пайдалануға берілген КТК Теңіз - Новороссийск құбыры (2004 ж. КТК арқылы айдалатын мұнай көлемі 22,5 млн. т., 2006 ж. өзінде 31,1 млн. т. құрады)[5].

5. Техникалық және гуманитарлық көмек.

Мысалы, Өзбекстан ГРЭС -ті және кеңес мамандары кезінде ресейлік мамандар салған басқа да ұлттық экономикалық құрылымдарды жаңарту қажеттілігін сезінуде. Бұл өз кезегінде ресейлік кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын жүктеуге және халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Жоба тиімді болуы үшін Ресейдің өзбекстандық өндіріс объектілерін акционерлеуге қатысуы мүмкін. АҚШ, Жапония және басқа да шет мемлекеттер онымен бәсекелесу арқылы Ресейдің аймақтағы танымалдылығын төмендетуде.

<p>елдеріне жаңа және ескі қауіпсіздік қатерлері Ресейде айқын көрініс тапты, ол басқа мемлекеттерге қарағанда оларды жоюға көбірек алаңдайды. Мысалы, бұл ел басшылығы Ауғанстаннан есірткінің шексіз ағымы келіп жатқанын және Ресейдің жекелеген аймақтарының, сондай -ақ Орталық Азияның кейбір аймақтарының экстремистік діни топтарды қолдаудың қорғанына айналғанына көздерін жұма алмайды.</p>	<p>6. Миграция.</p> <p>Ресей территориясы бойынша мигранттардың біркелкі бөлінбеуі байқалады. Орталық Азия мемлекеттерінен келген еңбек мигранттарының ең көп шоғырлануы негізінен Ресейдің ең дамыған және қолайлы аймақтарына, мысалы, елдің оңтүстігіне немесе астаналық аймақтарға келеді, ал жұмыс күшінің тапшылығы бар аймақтарда емес, мысалы Сібір мен Орал. Елдің кейбір аймақтарындағы мигранттардың үстемдігі, олардың саны аз болса да, әлеуметтік шиеленістің себебі болуы мүмкін, стереотиптердің пайда болуына және мигранттарға қатысты теріс көзқарастың пайда болуына және нәтижесінде көші - қонды теріс қабылдауға себеп болады.</p>
<p>Әлеуметтік</p>	<p>Технологиялық</p>
<p>1. Орыс тілін дамытудағы іс әрекеттер.</p> <p>Өткен жылы Қазақстандағы орыс мектептеріне 14 мың, Қырғызстанға 9,2 мың, Тәжікстанға 10,2 мың орыс тіліндегі басылым жіберілді. Түрікменстанға 6 мыңға жуық кітап, Өзбекстанға 2 мың кітап түсті. Тәжікстандағы орыс мектептерінің пәндерін орыс пән мұғалімдерімен нығайту жобасы екі жыл бұрын басталған. 2019 жылы 48 мұғалімнен тұратын орыс тілі пәні мұғалімдерінің екінші тобы Ресейден барды.</p> <p>2. Білім саласында өзара гранттар мен жеңілдіктер.</p> <p>Ресейде, РФ Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, жыл сайын жоғары оқу орындарында Орталық Азияның 160 мың азаматы оқиды, бұл орыс тілін білмесе мүмкін емес еді. Оның үстіне Ресей Орталық Азияда 59 мың студентті оқыту үшін бюджеттен төлейді (бұл жылына шамамен 100 миллион АҚШ доллары). Ресей ЖОО ларының филиалдарының ашылуы: МАИ, МГУ[6].</p> <p>3. Туризм байланысы арқылы экономиканы ілгерілету.</p> <p>1994 жылдың қыркүйегінде ТМД кеңістігінде туризм саласындағы</p>	<p>1. Байқоңыр космодромын салу арқылы ғарышқа шығуға мүмкіндік алуы.</p> <p>2. Өзбекстанда жаңартылатын энергия көздеріне көшу бойынша ауқымды бағдарламаны іске қосуда инвестициялар жасау, себебі күн энергетикасының техникалық әлеуеті бастапқы энергияны тұтынудан төрт есе жоғары болғандықтан тиімді болуы.</p> <p>3. АтомЭлектрСтанцияларының салынуы (Росатомның Өзбекстанда қуаты 2,4 ГВт АЭС салу).</p> <p>4. Қырғызстанда Ресейдің көмегімен 2003 жылдан бері Кантта ҰҚШҰ әуе базасы жұмыс істеуі, ол жақта ресейлік ұшқыштар қызмет атқарады. Сонымен қатар, қару-жарақ жеткізу. Ресей бірнеше жыл бұрын қырғыз әскерін 1,5 миллиард долларға қару-жарақпен қамтамасыз етуге уәде берген. Одан бөлек, артиллерия, жөндеу зауыты, броньды машиналар және т.б.[7].</p> <p>5. Ресейдің ірі компаниялары Тәжікстанның жоғары технологиялық нарығында белсенді жұмыс істеуі, «Таком» ЖШС («Beeline» сауда белгісі) ұялы байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттырып, қамту аймағын белсенді түрде кеңейтуі[8].</p>

ынтымақтастықты дамытуда үйлестіруші рөлі жүктелген ТМД елдерінің туризм жөніндегі мемлекетаралық кеңесі құрылды. Кеңес құрамына 11 мемлекет кіреді - Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Украина.

4. «Жұмсақ күш» саясатын қарқынды жүргізуі.

PEST-талдаудан нәтиже шығарар болсақ, көріп тұрғанымыздай саяси-әлеуметтік және экономикалық-технологиялық жақтары тең десек те болады. Бұл дегеніміз - саяси, әлеуметтік болсын, экономикалық-технологиялық болсын, осы төрт салада да Ресей кең түрде өз қызығушылықтары мен мүдделерін жүргізіп келеді.

Қорытындылай келе, Ресейдің Орталық Азияға осыншалықты қызығушылық танытуы түсінікті мәселе. КСРО ыдырағаннан кейін Ресейдің сол кездердегі сияқты аймақтағы қауіпсіздіктің үстемдік етушісі, кепілі әрі координатор рөлін сақтап қалуға ұмтылатыны анық. Бір жағынан, шекараларының ортақтығы және бірлескен қауіпсіздіктің әртүрлі мәселелерінің болуы Ресейдің Орталық Азия мемлекеттерінің органикалық серіктесі болып қала беруіне мүмкіндік жасайды. Алайда, Ресейдің шектеулі ресурстары Орталық Азияда тұрақты экономикалық жағдайды қамтамасыз ету үшін толыққанды көмек беруіне мүмкіндіктері шектеулі екенін мойындау керек. Сол себепті Орталық Азиядағы сауда айналымын ұлғайта алмау қаупі және аймақтан мұнай мен газдың жаңа экспорттық альтернативаларына тап болған Ресей үшін осы аймақтағы өзінің экономикалық ықпалын біртіндеп жоғалтуына әкеліп соғады. Бірақ қазіргі Ауғанстандағы саяси тұрақсыздық осы аймақта бақылау орнату қажеттілігін арттырып отыр. Бұдан түсінетініміз, Ресейден бөлек, Орталық Азияға басқа да ірі державалар, соның ішінде АҚШ-тың мүдделерінің болуы Ресей екеуінің арасында мүдделер қақтығысына әкелу қаупі бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Владимир Путин в режиме видеоконференции принял участие в заседании Совета глав государств – участников Содружества Независимых Государств // Кремльдің ресми сайты: URL: Заседание Совета глав государств СНГ • Президент России (kremlin.ru)

2 1991 жылғы деректер – Дүниежүзілік банк (ДБ, 1993-1997)

3 2002-2018 жылдар аралығындағы деректер - Халықаралық сауда орталығы (ИТС, 2019)

4 Новые вызовы и перспективы центрально-азиатского сотрудничества: Россия и Казахстан // А. Давлетшина, А.Прокопенко // МГИМО

5 ТРАНСАЗИАТСКИЕ ТРАНСПОРТНЫЕ КОРИДОРЫ И РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНОЙ СИСТЕМЫ РОССИИ //АЛКЛЫЧЕВ А.М., ЗОИДОВ К.Х., МЕДКОВ А.А., ЗОИДОВ З.К.

6 И снова «о мягкой силе» // Григорий Карасин Российская газета - Федеральный выпуск № 127(6995) 13 июня 2016 год

7 Деньги, инвестиции и оружие — чем связаны Кыргызстан и Россия // Sputnik халықаралық ақпарат агенттігі мен радиосы // URL: <https://ru.sputnik.kg/economy/20190328/1043779262/kyrgyzstan-russia-sotrudnichestvo-ehkonomika.html>

8 Сауда-экономикалық ынтымақтастық //Ресей Федерациясының Тәжікстан Республикасындағы Елшілігінің ресми сайты: URL: Торгово-экономические отношения - Посольство Российской Федерации в Республике Таджикистан (mid.ru)